

Бекітемін
ШЖҚ «№ 5 қалалық емхана»
МКК бас дәрігері
А. Табулдина
2018 жылғы «_____» _____

**ШЖҚ «№ 5 қалалық емхана» МКК этика және деонтология бойынша
комиссиясы туралы ереже**

Жалпы ереже

1. Этика және деонтология бойынша комиссия (әрі қарай – Комиссия) ШЖҚ «№ 5 қалалық емхана» МКК (әрі қарай – Емхана) тәуелсіз сарапшы орган ретінде құралады.
2. Комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, ҚР «Жеке және заңды тұлғалар өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Әкімшілік процедуралар туралы» заңдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары, басқа заңнамалық және денсаулық сақтау саласындағы басқа нормативтік құқықтық актілері, сондай ақ осы Ережемен басқарады.
3. Комиссия Емхана емделушілері мен қызметкерлерінің құқықтарын, қауіпсіздігі және денсаулығын қорғауды жүзеге асырушы тәуелсіз сарапшы орган болып табылады.
4. Комиссия адамгершілік – этикалық және құқықтық баға береді.

Мақсаты және міндеттері

5. Комиссия қызметінің мақсаты Емхана қызметкерлерінің этика және деонтологияны сақтау болып табылады.
6. Комиссия міндеттері:
 - 1) медициналық этика және деонтология мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
 - 2) бас дәрігерге кемшіліктер жіберген тұлғаларға тәртіптік жауапкершілікті қарау туралы Комиссия шешімін ұсыну;
 - 3) Комиссияның негізгі қызметтері:
 - этика және деонтология мәселелері бойынша Емхана қызметкерлерінің әдістемелік көмегі, кеңес беру және оқытуды жүзеге асыру;
 - құрылымдық бөлімдер деңгейінде реттеуге келмейтін даулы мәселелерді қарау;
 - мәжіліс, оқу семинарлар өткізу.

Құрамы

7. Комиссия құрамы жыл сайын қайта қаралады және бас дәрігердің бұйрығымен бекітіледі.

8. Комиссия төрайым, төрайымның орынбасары, хатшы және мүшелерінен (5 кісіден кем емес) тұрады.

9. Комиссия медициналық этика мен деонтологияны сақтау мәселелеріне консультациялар немесе сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

Жұмыс тәртібі

10. Комиссия отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады.

11. Комиссия шешімдері кворум болған жағдайда ашық дауыс беру жолымен комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамалармен ресімделеді. Комиссия отырыстарының хаттамаларына, ұсынымдарға төраға мен жауапты хатшы қол қояды.

Құқықтары мен міндеттері

12. Комиссия құқықты:

- 1) емхана қызметкерлерінің этика және деонтология нормаларын бұзуы бойынша нақты жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілерінен ақпарат алуға;
- 2) түрлі салаларда мамандар болып табылатын басқа тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарға көмек көрсету үшін жүгінуге;
- 3) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және шешімдер қабылдауға;
- 4) этика мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерде жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге, олардың қызметіне мониторинг жүргізуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

13. Комиссия қамтамасыз етуге міндетті:

- 1) этика және деонтология мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың сапасы, объективтілігі;
- 2) құпиялылықты сақтау;
- 3) Комиссия қызметін құжаттау, отырыстарды өткізу тәртібін айқындау, отырыстардың хаттамаларын жүргізу, оның мүшелерін алдағы отырыстар туралы хабардар ету, сондай-ақ отырыстарды ұйымдастыру;
- 4) Осы Ережеде көзделген функцияларды сапалы және уақтылы орындау;
- 5) жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру.

Этикалық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексі, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221, «Әкімшілік процедуралар туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107-ІІ заңдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттары, денсаулық саласындағы басқа да заңнамалары және нормативтік – құқықтық актілері негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі құрамда Этикалық комиссия құрамы құрылсын:
 - Төрайым – бас дәрігер А.Табулдина
 - төрайым орынбасары МҚСБ бойынша бас дәрігердің орынбасары Г.Ш.Молдағалиева
 - хатшы кадр бөлімінің басшысы Қ.А.Шәйкенова
 - Комиссия мүшелері: заңгер С.Ш.Исраилова, бас медбике К.Т.Әбенова, № 2 ОДО меңгерушісі Б.А.Жұманбаева, профилактика және әлеуметтік психологиялық көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі Б.Т.Байдалина, кәсіподақ комитетінің төрайымы А.А.Есмұқанова, күндізгі стационар аға медбикесі А.М.Есеркепова.
2. Комиссия отырысты тоқсанда бір рет өткізсін.
3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бас дәрігер

А. Табулдина